



**ШЕШІМ**

**26.09.2019**

Нұр-Сұлтан қаласы

**РЕШЕНИЕ**

№ **433/55-VI**

город Нур-Султан

**«Астана қаласы мәслихатының аппараты»  
мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы  
мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің  
қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы»  
Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы  
29 наурыздағы № 247/30-V шешіміне  
өзгерістер енгізу туралы»**

«Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласын Қазақстан Республикасының астанасы - Нұр-Сұлтан қаласы деп қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 23 наурыздағы № 6 Жарлығына сәйкес, Нұр-Сұлтан қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Астана қаласы мәслихатының Аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 247/30-V (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1170 тіркелген, 2018 жылдың 24 сәуірінде «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімнің атауында және бүкіл мәтін бойынша «Астана» деген сөз «Нұр-Сұлтан» деген сөзбен ауыстырылсын»;

«Астана қаласы мәслихатының шешімімен бекітілді» деген сөз «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының шешімімен бекітілді» деген сөзбен ауыстырылсын;

«Астана қаласы мәслихатының Аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіндегі: «Астана» деген сөз барлық мәтін бойынша «Нұр-Сұлтан» деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен

бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы**

 Қ.Таукен

**Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының хатшысы**

 Ж. Нұрпейісов